

Карантин белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 9 шешімі. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімінің 08.12.2022 № 10 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарқаралы аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 02 қарашадағы № 06-05-02-16/468 және Қарқаралы ауданы прокурорының 2022 жылғы 27 қарашадағы №2-08-22-01401 заң бұзушылықтарды жою туралы ұсынысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Мартбек Мамыраев ауылдық округінің "Қоспак" қыстағындағы "Свиридов" шаруа қожалығы аумағында ірі қара малдары арасынан қарасан ауруы анықталуына байланысты карантин белгіленсін.

2. Мартбек Мамыраев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 2 қарашадағы № 8 "Карантин белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 173918 тіркелген, 2022 жылғы 22 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Мартбек Мамыраев ауылдық округінің әкімі

Ж. Аскербекулы